

- 2) ақпараттық ресурстар – оқу курстары, анықтамалықтар, әдістемелік және басқа да материалдар);
- 3) қашықтықтан оқытуды қамтамасыз ету құралдары (компьютерлер, байланыс сызықтары);
- 4) оқытушылар, тьюторлар;
- 5) білім алушылар.

Қашықтықтан білім алу – оқу процедураларының барлығы немесе көп бөлігі оқу үдерісін ұйымдастырудың кеңістік және уақыт факторларына тәуелсіз, қазіргі ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды қолдану арқылы жүзеге асырылуы.

Қашықтықтан оқыту курсының элементтері мыналар:

- 1) ақпараттық ресурстар (дәрістер, дәріс конспектілері, бағдарламалар, әдістемелік нұсқаулықтар және әзірлемелер), қосымша ақпараттық материалдар (оқытушының кеңесі, жиі қойылатын сұрақтарға жауаптар, форумдар), ресурстар кітапханасы, электрондық сөздіктер, Интернеттегі қосымша материалдар;
- 2) қарым-қатынас жасау құралдары (электрондық пошта, хабарландыру тақталары, конференциялар, форумдар, семинарлар, сауалнамалар, чаттар);
- 3) тестілеу жүйесі (бақылау тапсырмалары, тесттер, рефераттар);
- 4) әкімшілендіру жүйесі (білім алушылардың мәліметтер базасын ұйымдастыру, сауалнама жүргізу, хабарландыру тақталары, бағдарлама және сабақты жоспарлау, бағалау жүйесі және т.б.).

Қашықтықтан оқыту жүйесі ұйымдастыру және тиімді жұмыс істеу үшін интернеттегі оқу курстарын қолдауы және білім алушылармен сенімді байланысты қамтамасыз етіп, білім алушыларға оқу материалдарын жеткізуі, білім алушылардың өзара бір-бірімен және оқытушымен қарым-қатынасын ұйымдастыруы (конференциялар, форумдар, чаттар) керек.

Қашықтықтан оқыту курстарын құру технологиясы туралы сөз болғанда, жалпы курсты құрудың бірнеше тәсілдерін бөліп көрсетуге болады:

- 1) қашықтықтан оқыту курстарын құру үшін дайын жүйелерді қолдану;
- 2) қашықтық курстарын құру үшін арнаулы бағдарламалық құралдарды пайдалану (бағдарламалау тілі, мультимедиялық тұсаукесер, мультимедиялық қосымшалар);
- 3) қашықтықтан оқыту курстарын әзірлеуге арналған инструменталдық құралдарды пайдалану.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Амиргалина Н. Білім берудің инновациялық технологияларының бірі // Білім.-Алматы, №4, 2009 ж. Б.17-19.
2. Амандыкова Г. Шет тілін оқыту әдістемесі.- Алматы, 2007ж. 105 б.
3. Садуова Ж. Инновациялық технологияларды білім беруде қолдану // Білім.- Алматы, № 5, 2006 ж. Б.22-24.
4. Такишева Г. Модулдік оқыту технологиясын пайдаланудың тиімділігі // Білім.- Алматы, № 4, 2009 ж. Б.34-38.

## ТІЛДЕРДІ ОҚЫТУДА ИНТЕРНЕТТІҢ ТИІМДІЛІГІ

*Айтбаева Б.М., Абдрахманова Г.Х.,  
Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ*

Тіл үйренушілер үшін интернетшынайы тілдік ортаны құруға мүмкіндік береді. Мұндай орта тіл иесімен кейінірек (электрондық почта, off-line-телеконференциялар) немесе сол мезетте (телеконференциялар, Chat, бейнеконференциялар) қарым-қатынасқа түсудің арқасында пайда болады. Бұдан басқа бұл жеке ақпаратты жариялау, жеке web-бетті құру, ақпараттық ресурстарға қолжетімділік, мықты іздеу жүйелері арқылы желіде жаңдандыру мүмкіндігі болып табылады.

Аталған бірегей мүмкіндіктер шын мәнінде қашықтықтан оқыту формасында қазіргі оқу үдерісін ұйымдастыруға барлық жағдайды тудырып отыр. Қашықтықтан оқыту нұсқасы, бір жағынан, білім алушыға оның жеке мүмкіндіктері мен қабілетіне сәйкес көлемде қажетті білімді

ұсынады; бірақ, екінші жағынан, мұнда есту дағдысына сүйену, яғни білім алушылардың бір мезгілдегі кері байланысында ауызша практикаға сүйену шектеулі. Бұл заңдылықты практикада тек видеоконференциялар ғана іске асыруға мүмкіндік береді. Барлық ақпарат клавиатураның көмегімен, жеке жағдайларда дауыспен енгізіледі. Сол сияқты мәтін немесе дыбыс түріндегі ақпарат қабылданады. ҚО туралы сөз болғанда жаттығуларды ауызша орындау, жанды қарым-қатынас мәселесі әзірше желілік және басқа да ақпараттық технологиялардың мүмкіндіктерінен тыс қалып отыр. Сондықтан егер оқыту мақсаты тек грамматикалық және лексикалық дағдыларды ғана емес, сонымен қатар фонетикалық дағдыларды; сондай-ақ тек оқылым, жазылым, тыңдалым дағдыларын ғана емес, сонымен қатар айтылым дағдыларын да қарастырса, онда қашықтықтан оқыту модельдерін интеграциялау анағұрлым дұрыс болып табылады. Мұндай жағдайда дағдыны қалыптастыру, мәтінді оқу және басқа да жазбаша қызмет түрлерін қашықтықтан оқыту формасына ауыстырып, ал аудиторияда оқытушы мен білім алушылардың арасындағы тікелей көзбе-көз байланыста айтылымға (монолог, диалог, полилог) көп көңіл бөлу қажет.

Егер оқыту мақсаты айтылым саласында елеулі нәтижелерге қол жеткізуді көздемесе, онда оқытудың өзге модельдерін, соның ішінде тек желілік модельдерді қолдануға болады. Егер қалыптас тырылып отырған коммуникативтік құзыреттіліктің деңгейі жеткілікті дәрежеде жоғары болса, онда фонетикалық дағдыларды қалыптастыру және оларды жетілдіру туралы айта кету керек. Мұның барлығы фонетикалық дағдыны, яғни операциялық бақылауды қалыптастырған жағдайда да жанды, тікелей байланысты талап етеді. Пәннің ерекшелігі осындай. Тілдік қызметтің басқа да түрлерін қатар меңгеру қажетті дағдыларды қалыптастыру тиімділігіне сөзсіз әсер етеді, дегенмен жазбаша қарым-қатынас қаншалықты қарқынды болғанмен, ол айтылым дағдысын сәтті қалыптастыруға көмектеседі, бірақ ауызша қарым-қатынасты толығымен алмастыра алмайды. Қазіргі кезде қазақ тілін қашықтықтан оқыту желісін төмендегілерге бағыттаған жөн:

1. Білім алушыларға қолданыстағы білім беру бағдарламаларының аясында немесе автономды түрде қазақ тілі бойынша өз білімдерін толықтыруға, біліктері мен дағдыларын жетілдіруге, мүмкіндік беру. Бұл – ашық білім беру.

2. Педагогикалық кадрларға қазақ тілін оқыту әдістемесі саласында біліктіліктерін арттыру сертификаттарын беру.

Қашықтықтан оқытудың кез келген түрінің тиімділігі төрт құрамдас бөлікке байланысты:

а) оқытушы мен білім алушының географиялық жағынан қашықтықта орналасқанына қарамастан өзара тиімді әрекет етуі;

б) сонымен қатар педагогикалық технологиялардың қолданылуы;

в) әзірленген әдістемелік материалдардың және оларды жеткізіп беру тәсілдерінің тиімділігі;

г) кері байланыстың тиімділігі.

Басқа сөзбен айтқанда, ҚО табыстылығы және сапасы көп жағдайда тиімді ұйымдастыруға және қолданылатын материалдардың әдістемелік сапасына, сондай-ақ осы үдеріске қатысатын басшылыққа, педагогтардың шеберлігіне байланысты болады. Егер оқытудың бұл түрін тиімді деп есептейтін болсақ, онда олардың кез келген түріне тән бірқатар сипаттамаларды бөліп көрсетуге болады:

1. Қазақ тілін қашықтықтан оқыту курстары білім алушының қызметін өте ұқыпты және егжей-тегжейлі жоспарлауды, оны ұйымдастыруды, оқытудың мақсаттары мен міндеттерін нақты қоя білуді, алдыңғы тапсырмалардың орындалуына қарай қажетті оқу материалдарын жеткізіп беруді қарастырады;

2. Интерактивтілік – ҚО білім беру бағдарламаларының негізгі ұғымы. Қазақ тілі бойынша ҚО курстары білім алушы мен оқытушы арасындағы интерактивтілікті, білім алушы мен оқу материалы арасындағы кері байланысты максималды дәрежеде қамтамасыз етуге, топтық оқыту мүмкіндігін ұсынуға міндетті, себебі пән ерекшелігі үнемі қарым-қатынас жасауға, үдерістің интерактивтілігіне негізделген;

3. Білім алушылар білім алу жолындағы іс-әрекеттерінің дұрыстығына сенімді болуы үшін, тиімділігі жоғары кері байланысты қарастыру аса маңызды. Мұндай кері байланыс операциялық, оперативтік (дағдыларды қалыптастыру кезеңінде) және оқытушы тарапынан сырттай бағалаудың кейінге қалдырылған түрінде болуы керек;

4. Уәжділік – кез келген ҚО курсының маңызды элементі; қазақ тілі бойынша курстарда оған

көп жағдайда мәдениетаралық компонентті есепке алудың негізінде, сондай-ақ табиғи тілдік ортаны қалыптастырудың негізінде қол жеткізіледі;

5. ҚО курсы құрылымдау модульды болуы керек, себебі білім алушы өзінің модульдан модульға дейінгі даму деңгейін саналы түрде сезіне алу, өз қалауы бойынша немесе білімді меңгеру деңгейіне байланысты жетекші педагогтың қарауы бойынша кез келген модульды таңдай алу мүмкіндігіне ие болуы керек. Көлемді модульдер немесе курстар оқыту уәжділігін мәнді түрде төмендетеді;

6. Қазақ тілі курстары үшін дыбыстық және анимациялық материалдардың алатын орны ерекше. Сонымен қатар интернет білім алушыларға пікірталастарға қатысу, өз мақаласын, пікірін ұсыну, басылымға репортаж ұсыну арқылы белсенділік танытуға және өз күшін сынауға мүмкіндік береді. Бұл – қандай да бір баспа ретінде көрінетін ашық форум, мұнда барлық тілек білдірушілер өз жұмыстарын жариялай алады. Барлық жұмыстардың соңында автордың электронды мекенжайы беріледі, бұл кері байланыс арқылы пікірталасқа түсуге мүмкіндік береді.

Осылайша, Интернетте ҚО-да қолдануға арналған оқу материалдары, ақпараттық ресурстар саны көп екенін көреміз. Бұл материалдарды әртүрлі сипатта қолдануға болады, соның ішінде ҚО-мен интеграцияланған курс моделінде немесе жеке курсты ұйымдастыруда қолданылуда. Бірақ, жоғарыда айтылып өткендей, мұндайда кенеттен туындайтын мәселелерді ұмытып кетпеу қажет. Біріншісі және ең бастысы – бұл ақпарат мәселесі, яғни Интернеттің тиісті егжей-тегжейлі әдістемелік өңдеусіз оңай қол жеткізуге болатын ақпараттық ресурстарымен шектен тыс айналысу. Егер сабақта немесе оқытушының басшылығымен немесе қашықтық курсына мәтінді оқу, оны аудару жұмыстары берілсе, рұқсатнамаларды толтыру, ойды аяқтау бойынша жаттығулар және т.б. орындалса, демек, сабақта қызметтің дәстүрлі түрлері қолданылса, онда қандай да бір мәтіннің қайдан алынғаны, шын мәнінде, бәрібір емес пе? Мұндай жағдайда ақпараттың дереккөзі аса маңызды емес. Сондықтан Интернет ресурстарына жүгінбес бұрын, оқытушы немесе ҚО курсы әзірлеуші төмендегілерді түбегейлі ойластыруы тиіс: біріншіден, тілді оқытудың жалпы концептуалдық тәсілі; екіншіден, оған барабар оқыту әдістерін, педагогикалық технологияларды, жаттығулар жүйесін, жоғарыда айтылған пән ерекшеліктеріне қарай қызмет түрлерін сұрыптап алу; үшіншіден, студенттерді осы қызмет түрлеріне мұқият дайындау (мәселен, электронды мәтінмен жұмыс, желіден, алдын ала дайындалған электрондық каталогтан ақпаратты іздеу, пікірталасқа, жобалық қызметке қатысу, ынтымақтастық жасаудың шағын тобында бірлесіп отырып қызмет атқару ерекшеліктері).

Интернеттің ақпараттық ресурстарымен жұмыс жасаудың екінші мәселесі технократикалық тәсілмен байланысты, яғни білім алушы ақпараттық технологиялармен шектентісі айналысқандықтың кесірінен тілді меңгерудің мақсаты мен оның ерекшеліктері туралы ұмыта бастайды. Үшінші мәселе желідегі қарым-қатынас мәдениетімен байланысты. Бұл – бөгде пікірге, мәдениетке, салт-дәстүрге қатысты төзімділікті қалыптастыру, өз серіктесін сыйлау, тілдік этикетті меңгеру қажеттігін қарастыратын өте өзекті мәселе. Қазіргі кезде ҚО мәселесін техникалық тұрғыда әртүрлі шешуге болады. Қазіргі ақпараттық технологиялар кез келген көлемдегі және мазмұндағы ақпаратты кез келген қашықтықта орналастыруда, сақтауда, өңдеуде және жеткізіп беруде шексіз мүмкіндіктерге ие. Бұл жағдайда ҚО жүйесін ұйымдастыруда бірінші орынға оны ұйымдастырудың педагогикалық, мазмұндық жағы шығады. Оқу материалының мазмұндық жағы ғана емес, құрылымдық жағынан ұйымдастырлуы да есепке алынады. Қазақ тілін ҚО курстарын құруда тұжырымдамалық педагогикалық ережелері ерекше мәнге ие болуы қажет. Олар:

- Оқыту үдерісінің орталығында білім алушының жеке танымдық қызмет (оқыту емес, үйрену);
- Тілдік қызметтің әр алуан түрлерін меңгеру, қажетті дағды мен білікті қалыптастыру;
- Бір жағынан, білім алушыға өзіне қолайлы уақытта өзіне ыңғайлы жерден білім алуға мүмкіндік беретін білім берудің икемді жүйесі қажет.

Екінші жағынан, ҚО кезінде білім алушы тек компьютермен жұмыс істей білу дағдысын ғана меңгермей, сонымен бірге ол Интернеттің әртүрлі ресурстарында кездесетін аутентикалық ақпаратпен жұмыс істей білу қабілетіне де ие болуы керек. Демек, білім алушылар курсқа қажетті немесе әртүрлі серверлерде дербес қолданылатын оқылымның әр алуан түрін жақсы меңгеруге тиісті. Сондықтан оқылымның осы ерекше түрін оқытуға, анықтамалық электрондық материалдармен жұмыс жасауға бағытталған курстар болуы қажет. Өз бетінше білім алу пассив сипатқа ие болмауы керек, керісінше, білім алушы басынан бастап білімді меңгеруге шек қойылмайтын, бірақ

топтардағы бірлескен шығармашылық қызметтің әр алуан коммуникативтік міндеттерін шешуде тікелей қолданылатын белсенді танымдық қызметке жұмылдырылуы керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасы Президент Жарлығы «Тілдерді қолдану мен дамытудың» 2010-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы»
2. Полат Е.С. Метод проектов на уроках иностранного языка//Иностранные языки в школе.-2000.-№2,3.
3. Султангалиева М.Д. Сборник «Инновационная технология в организации высшего профессионального образования», (доклад). Костанай, 2003.
4. Қайырбекова А. «Жаңа модульдік технология бойынша тіл үйрету мәселелері» (мақала). «Ұлағат», 3/2002.
5. Маслыко Е.А. Настольная книга преподавателя иностранного языка. Минск «Высшая школа», 1999.
6. Китайгородская Г.А. Методические основы интенсивного обучения иностранным языкам. Издание Московского университета, 1986.
7. Колкер Я.М. Практическая методика обучения иностранному языку. Учебное пособие. Москва, 2000.

## **КӨРКЕМ ШЫҒАРМАНЫ ПРОБЛЕМАЛЫҚ ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН ОЯТУ**

*Белгитаева Л.С.,  
Курмангалиева Б.А.,  
М.Маметова атындағы ЖОББМ  
Шет ауданы, Ағадыр кенті*

Қазақстан Республикасы жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында қазақ әдебиетін оқытудың мақсаты оқушылардың рухани дүниесін байыта отырып, эстетикалық, интеллектуалдық, көркемдік, адамгершілік, азаматтық тәрбие беру және оқырмандық талғамды қалыптастыру екендігі атап көрсетілген.

Әдебиеттің тәрбиелік маңызы өте жоғары. Қазақ әдебиеті сабағында көркем шығарманы оқыту арқылы өскелең ұрпақтың бойына ізгілік нәрін сеуіп, тәуелсіз Қазақстанның рухани дүниесі бай, парасатты да саналы жастарын тәрбиелеуге күш саламыз. Әйтсе де, сөз жүзінде айтуға оңай болғанмен, мұның бәрін оқушы санасына сіңіру үшін пән мұғалімінен үлкен шеберлікті қажет етеді. Өйткені оқушының әдебиетке деген құштарлығының оянуы да, болмаса қызығушылық танытпауы да пән мұғалімінің қолында болмақ.

Әдебиет сабағындағы ең басты жұмыстардың біріне оқушылардың көркем шығарманы қабылдауы, одан әсер алуы, көркем туындыны бүкіл бітім-болмысымен түсіне білулері жатады. Яғни, мұғалім осы мақсатпен ізденуі керек, осы мақсатта оны жүзеге асырудың ең тиімді деген әдіс-тәсілдерін сұрыптай отырып пайдалануы керек. Оқушының көркем шығарманы қабылдау белсенділігін, әсерлі сезімін дамытудың жолдарын қарастыруы керек. Бұлай деп отырған себебіміз: қазіргі жаңа қоғамда, жастардың бәрі ақпарат құралдарына тәуелді болған заманда оқушылардың әдебиетке деген ықыласы бұрынғыдай емес. Кешегі кеңестік кезеңдегідей кітапты жастанып жатып оқитын немесе оқығанын ортаға салып қызу талқылайтын жастар аз. Оның үстіне бұрындары мектеп бітіргенде шығарма жазатын түлектер қазір заман талабына сай қазақ тілі пәні бойынша ғана тестілеуден өтеді. Әдебиет мүлдем ескерілмейді. Арнайы мақсат қойып қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, журналист боламын дейтін оқушылар болмаса, өзгесінің арасында әдебиетті тұшына оқитындар қатары жылдан-жылға азайып келеді. Алайда, заман солай екен деп қол қусырып қарап отыруға болмайды. Оқушының әдебиетке деген қызығушылығын оятатын амалдар іздестіру керек. Бұл ретте үлкен жауапкершілік пән мұғаліміне жүктеледі. Көркем шығармадан гөрі басқаға қызығатын оқушының назарын әдебиетке аудару үшін пән мұғалімінің мойнына ауыр жүк артылады.

Әдебиетші-ғалым Қ.Жұмалиевтің: «Көркем шығарманы оқыту – оқушының сөз қадірін